

## Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 11 мамырдағы N 383 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 013 "Мемлекеттік геологиялық зерделеу" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар Арал өңіріндегі (Арал маңы учаскесі) көмірсутегі шикізатын іздестіру-бағалау жұмыстарын беруші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

2) жұмыстарды сатып алу үшін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуы үшін бақылауды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*